

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 93 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 желтоқсанда № 33815 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Бағалы қағаздар нарығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мыналарды:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Басқармасының
2023 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 93 Қаулыға
қосымша

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Қаржы құралдарын және инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін өзге де мүлікті инвестициялау қағидаларын және акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 60 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7540 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы құралдарын және инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін өзге де мүлікті инвестициялау қағидаларында:

кіріспесі және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қаржы құралдарын және инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін өзге де мүлікті инвестициялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Заңына сәйкес әзірленді және акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын және өзге мүлікті инвестициялау тәртібін белгілейді.

1. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) баға белгілеу – почта, электронды немесе факсимильді байланыс арқылы алынған қаржы құралдары бойынша қарсы әріптестерінің баға ұсыныстары;

2) басқарушы компания - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) берген лицензиясы негізінде инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

3) биржалық инвестициялық пай қоры (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) – пайлары қор биржасында айналыста болатын индекстік инвестициялаудың аралық инвестициялық пай қоры;

4) инвестициялық қор – Заңға сәйкес құрылған акционерлік немесе инвестициялық қор;

5) қарсы әріптес – Қазақстан Республикасының немесе шетел мемлекеттің заңнамасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелер жасау құқығына ие заңды тұлға;

6) халықаралық қаржы ұйымы – халықаралық шарты (келісімі) не жарғы негізінде құрылған және қолданыстағы халықаралық мәртебесі бар ұйым;

7) Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) пайлары – баға белгілеу сол немесе өзге активтер (акциялар, облигациялар, тауар өнімдері) сыныбына не индекстерге байланысты гибридтік сауда құралы;

8) principal protected notes (принцип протектед ноутс) – негізгі борыш сомасын толық қайтару бойынша эмитенттің кепілдігі белгіленген борыштық бағалы қағаздары."

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Басқарушы компания қаржы құралдарымен мәмілелер жасаған кезде "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9249 болып тіркелген) белгіленген талаптарды басшылыққа алады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарының тізбесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес жазылсын;

2. "Облигацияларды ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау , оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын, эмитент пен облигацияларды ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптарды және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ақпарат беру мерзімдерін, Банкроттықты басқарушының бөлінген активтерді арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың өкіліне басқаруға беру (бөлінген активтерді сату және кепілге салынған мүлікті және бөлінген активтердің құрамына кіретін өзге де қамтамасыз етуді өндіріп алу құқығымен) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 88 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7568 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген облигацияларды ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларында, сондай-ақ эмитент пен облигацияларды ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ақпарат беру мерзімдері:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өкіл кепіл мүлкінің жағдайын және гаранттың қаржылық жағдайын:

1) эмитенттің кепіл мүлкіне құқықтарын растайтын құжаттардың түпнұсқаларымен танысу;

2) эмитенттен тәуелсіз бағалаушының бағасын ұсына отырып кепіл мүлкінің жағдайы туралы және гаранттан қамтамасыз етілген облигациялар бойынша оның қаржылық жағдайы туралы өкілдің талабы бойынша кез келген күнге ақпарат алу;

3) эмитенттен, қамтамасыз етілген облигациялар бойынша гаранттан тоқсанның қорытындысы бойынша және өкілдің талабы бойынша кез келген күнге оның қаржылық есептілігінің көшірмесін алу;

4) акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында іс-әрекет жасайтын эмитенттің, қамтамасыз етілген облигациялар бойынша гаранттың қаржылық жағдайына оның аудиттелген қаржылық есептілігі негізінде жыл сайынғы талдау жүргізу;

5) серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында іс-әрекет жасайтын эмитенттің қаржылық жағдайына оның қаржылық есептілігі (аудиттелген қаржылық есептілігі - бар болса) негізінде жыл сайынғы талдау жүргізу;

6) эмитенттің қаржылық жағдайының мониторингін және оның корпоративтік оқиғаларының талдамасын жүзеге асыру арқылы бақылайды."

3. "Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9248 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы қаржы компаниясы – жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру мәмілелерін жүзеге асыру үшін Секьюритилендіру туралы заңға сәйкес құрылатын, пайдасына талап ету құқықтары берілетін заңды тұлға;

2) биржалық инвестициялық пай қоры (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) – пайлары қор биржасында айналыста болатын индекстік инвестициялаудың аралық инвестициялық пай қоры;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры – зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) инвестициялық декларация – инвестициялау объектілерінің тізбесін, инвестициялық қор активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегияларын, талаптары мен шектеулерін, активтерді хеджирлеу және әртараптандыру талаптарын айқындайтын құжат;

5) инвестициялық портфель – инвестициялық портфельді басқарушының меншігіндегі немесе басқаруындағы қаржы құралдарының алуан түрлерінің не өзге мүліктің жиынтығы;

6) инвестициялық портфельді басқарушы – өз атынан клиенттің мүддесінде және оның есебінен азаматтық құқықтар объектілерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

7) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарт – оған сәйкес клиент мүлікті инвестициялық портфельді басқарушыға инвестициялық басқаруға беретін, ал инвестициялық портфельді басқарушы осы мүлікті клиенттің мүддесі үшін басқаруды жүзеге асыруға міндеттенетін шарт;

8) инвестициялық портфельді басқарушының есепке алу жүйесі – инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің инвестициялық шоттарында қамтылған, клиент пен оның активтерін сәйкестендіруді, инвестициялық портфельдің құрылымын және белгілі бір уақыт сәтінде клиенттің активтерімен мәмілелерді қамтамасыз ететін мәліметтер жиынтығы;

9) инвестициялық шешім – инвестициялық қордың активтерін басқару процесінде қабылданатын оның активтерімен мәміле жасасу туралы шешім;

10) клиент – инвестициялық портфельді басқарушының қызметтерін пайдаланатын немесе пайдалануға ниет білдірген тұлға, сондай-ақ инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) және активтері инвестициялық портфельді басқарушысында болатын, сақтанушының инвестицияларға қатысу талаптарын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған кірістердің (шығындардың) бір бөлігі есебінен қалыптастырылған инвестициялық қор және инвестициялық портфель, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтеріне қатысты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры;

11) клиенттің активтері – инвестициялық портфельді басқарушының басқаруындағы активтердің жиынтығы;

12) құрылымдық өнім - шығару талаптары осы қаржы құралы бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары төлемдерінің оны шығару талаптарында берілген көрсеткіштерге қол жеткізуге және (немесе) оқиғалардың туындауына тәуелділігін көздейтін қаржы құралы;

13) маркет-мейкер - қор биржасы маркет-мейкер ретінде таныған және қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қаржы құралдары бойынша баға белгілеуді

үнемі жариялап отыруға және қолдауға өзіне міндеттеме алған қор биржасының мүшесі ;

14) мүдделер қақтығысы – инвестициялық портфельді басқарушы мен оның клиентінің (клиенттерінің) мүдделері бір-біріне сәйкес келмейтін жағдай;

15) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

16) үлестес тұлғалар – тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына сәйкес белгіленетін, тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) бір-бірімен (тұлғалардың бірімен) қабылданатын шешімдерге, оның ішінде жасалған мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар;

17) хеджирлеу – хеджирлеу объектісі бағасының немесе өзге де көрсеткішінің қолайсыз өзгеруі нәтижесінде туындайтын ықтимал залалды өтеу мақсатында жасалатын туынды қаржы құралдарымен операциялар. Активтер және (немесе) міндеттемелер, сондай-ақ көрсетілген активтерге және (немесе) міндеттемелерге немесе күтілетін мәмілелерге байланысты ақша легі хеджирлеу объектісі деп танылады ;

18) ішкі құжаттар – инвестициялық портфельді басқарушының, оның органдарының , құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдарының, өкілдіктерінің), қызметкерлерінің қызметінің талаптары мен тәртібін, қызметтер көрсетуді және оларға ақы төлеу тәртібін реттейтін құжаттар.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Инвестициялық портфельді басқарушының жарнамалық ақпаратты таратуы " Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және Инвестициялық қорлар туралы Заңның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Инвестициялық портфельді басқарушының қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелердің параметрлері (бағасы, көлемі және басқа да ықтимал параметрлері) туралы, клиенттердің активтерін инвестициялау кезіндегі кірістілік көрсеткіштері және инвестициялық портфельді басқарушының қызметін сипаттайтын басқа да көрсеткіштер туралы дәйексіз немесе жаңылдыратын мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауына немесе өзгеше түрде таратуына жол берілмейді.

Инвестициялық портфельді басқарушының өзінің қызметі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында немесе өзгеше түрде жариялауы кезінде өзінің толық атауын, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның берілген күнін және нөмірін көрсетеді";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі бұйрықтарға инвестициялық қордың активтерін есепке алуды қамтамасыз ететін кастодиан бөлімшесінің басшысы қол қояды және кастодиан орталық депозитарийге (номиналды ұстаушыға) өзінің инвестициялық портфельді басқарушының бұйрығын жазбаша растауын жіберу арқылы растайды.

Егер бұл кастодиандық қызмет көрсету және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі шарттардың талаптарында көзделсе, инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сатып алу барысында мәмілені инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар тізілімінде тіркеген сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде кастодианның пайларды есептен шығару (есепке алу) бойынша мәмілелер жасауға келісімін растайтын, қағаз тасымалдауыштағы құжаттардың түпнұсқаларын міндетті түрде беру шартымен факсимильді байланыс құралдарын пайдалануға жол беріледі.

Егер бұл кастодиандық шартта және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі шартта көзделсе, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі бұйрықты электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалана отырып, электронды түрде жасауға және беруге жол беріледі";

мынадай мазмұндағы 35-1-тармақпен толықтырылсын:

"35-1. Инвестициялық портфельді басқарушы биржалық инвестициялық пай қорларының (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) пайларына күн сайын сұраныстар мен ұсыныстар қалыптастыру мақсаттары үшін әрбір биржалық инвестициялық пай қоры бойынша (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) маркет-мейкердің болуын қамтамасыз етеді.";

40-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40-1. Инвестициялық портфельді басқарушы зейнетақы активтеріне инвестициялайтын зейнетақы активтерін есепке алу және қаржы құралдарын бағалау тәртібі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32997 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 58 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады".

4. "Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар

шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін), мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды жасау және ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 248 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17884 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Егер жаңадан шығарылған облигациялар ипотекалық облигациялар болып табылса, ол облигациялар мынадай өтімділігі жоғары активтермен қамтамасыз етіледі:

- 1) ақша;
- 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;
- 3) Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары;
- 4) Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-" төмен емес рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары;
- 5) базалық активі Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-" төмен емес рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттар;
- 6) қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "премиум" санатына енгізілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары;

7) базалық активі қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "премиум" санатына енгізілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

8) Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzB-" төмен емес рейтингі бар Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар бағалы қағаздар;

10) халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары.

Айналыс барысында бағалы қағаздардың және ипотекалық облигацияларды қамтамасыз етуге енгізілетін ақша құны қамтамасыз етудің жалпы құнынан 20 (жиырма) пайыздан аспауы тиіс.;"

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Эмитент облигациялар шығарылымы шарттарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсынған жағдайда, эмитент мыналардың электрондық нысанын толтырады:

осы қаулымен бекітілген Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін), мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістер және (немесе) толықтырулар жасау және ресімдеу қағидаларына (Прспектіні жасау және ресімдеу қағидалары) 1-қосымшаға сәйкес облигациялар шығарылымы проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің) құрылымына сәйкес облигациялар шығарылымы проспектісі (облигациялық бағдарлама проспектісі);

проспектіні жасау және ресімдеу қағидаларына 2 қосымшаға сәйкес облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымы проспектісінің құрылымына сәйкес облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымы проспектісі;

проспекті жасау және ресімдеу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымы проспектісінің құрылымына сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенттің облигациялар шығарылымы проспектісі (облигациялық бағдарлама проспектісі).

Электрондық нысандарды толтыру кезінде эмитенттің қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты қоспағанда, облигациялар шығарылымы проспектісіндегі (облигациялық бағдарлама проспектісіндегі, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы проспектісіндегі) ақпарат уәкілетті органға құжаттар ұсынылған күннің алдындағы айдың соңғы жұмыс күніне сәйкес келтіріледі.

Эмитенттің қаржылық жағдайы туралы мәліметтер облигацияларды шығару шарттарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдайға не облигацияларды шығару шарттарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсаннан кейінгі айдың 25-іне дейін ұсынған жағдайда, соңғы тоқсанның соңындағы жағдайға сәйкес келтіріледі."

5. "Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекіту, жарияланған акциялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекіту үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Жарияланған акциялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Акциялар шығарылымының проспектісін, акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті жасау және ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 42 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20223 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздар нарығы туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекіту, жарияланған акциялар шығарылымының күшін жою қағидаларында:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қоғам акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарды ұсынған жағдайда, қоғам акциялар шығарылымы проспектісін жасау және ресімдеу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес акциялар шығарылымы проспектісінің құрылымына сәйкес акциялар шығарылымы проспектісінің, акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулардың, акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есептің, осы қаулымен бекітілген акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есептің электрондық нысанын толтырады.

Электрондық нысандарды толтыру кезінде акциялар шығарылымы проспектісіндегі ақпарат уәкілетті органға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы айдың соңғы жұмыс күнгі жағдай бойынша келтіріледі.";

4-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

6. "Инвестициялық пай қоры пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 19 қазандағы № 101 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21508 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық пай қоры пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) басқарушы компания, көрсетілетін қызметті алушы – уәкілетті орган берген лицензия негізінде инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;

2) биржалық инвестициялық пай қоры (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) – пайлары қор биржасында айналыста болатын индекстік инвестициялаудың аралық инвестициялық пай қоры

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – "Инвестициялық пай қоры пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу, инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі;

4) пай – инвестициялық пай қорындағы оның иесінің үлесін, инвестициялық пай қоры жұмыс істеуін тоқтатқан кезде оның активтерін және (немесе) Инвестициялық қорлар туралы заңда белгіленген жағдайда өзге де мүлікті өткізуден алынған ақшаны алу құқығын, сондай-ақ Инвестициялық қорлар туралы заңда айқындалған инвестициялық пай қоры қызметінің ерекшеліктеріне байланысты өзге де құқықтарды растайтын, шығарылымы құжатталмаған нысандағы атаулы эмиссиялық бағалы қағаз;

5) портал – "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының веб-порталы;

6) өтініш – инвестициялық пай қоры пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу және (немесе) инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтыруларды келісу үшін өтініш;

7) уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Инвестициялық пай қорының қағидалары қазақ және орыс тілдерінде жасалады және Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес инвестициялық пай қоры қағидаларының құрылымына сәйкес ресімделеді.

Уәкілетті орган 2023 жылғы 1 шілдеге дейін тіркеген инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды келісу қажет болған кезде, басқарушы компания инвестициялық пай қоры қағидаларының электрондық нысанын ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Биржалық инвестициялық пай қорының (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) қағидалары уәкілетті органға биржалық инвестициялық пай қоры пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеуге өтінішті жіберу күніне дейін қор биржасымен алдын ала келісілуге тиіс.";

3-қосымша Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығы
мәселелері жөнінде өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 24 ақпандағы
№ 60 қаулысына
2-қосымша

Акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарының тізбесі

1. Басқарушы компания инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке ашық не аралық инвестициялық пай қорының активтерін инвестициялайтын қаржы құралдарының тізбесі және оларға қойылатын талаптар:

№	Қаржы құралының атауы
1.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), сондай-ақ

	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар
2.	Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген облигациялар
3.	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар
4.	<p>Мына талаптардың біріне сәйкес келгенде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар:</p> <p>Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі "B-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктер; банктер бейрезидент бас банкі Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі "A-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы бар бейрезидент еншілес банктер , бейрезидент бас банк болып табылады</p>
	<p>Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:</p> <p>Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар эмитенттердің акциялары және (немесе) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторларының талаптарына сәйкес келетін эмитенттердің акциялары және (немесе) " Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген эмитенттердің акциялары;</p> <p>Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша рейтингі "B-" төмен</p>

5.	<p>емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар немесе қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің "борыштық бағалы қағаздар" секторларының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздар және (немесе) шетел валютасында номинирленген және "Астана" Халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген борыштық бағалы қағаздар;</p> <p>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары;</p> <p>басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының (басқарушы компаниясы активтері есебінен осы пайлар сатып алынатын инвестициялық пай қорларының басқарушы компаниясы болып табылатын инвестициялық пай қорларын қоспағанда), қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген пайлары;</p> <p>осы эмитенттің бұрын шығарылған бағалы қағаздарына не өзге міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған бағалы қағаздар;</p>
6.	<p>Morningstar (Морнингстар) рейтингтік агенттігінің "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс), Exchange Traded Commodities (ETC) (Эксчейндж Трэдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (ETN) (Эксчейндж Трэдэд Ноутс) пайлары</p>
7.	<p>Базалық активі осы тармақтың 5, 12, 13-жолдарында көрсетілген акциялар болып табылатын не базалық активі Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша рейтингісі "B-" төмен емес немесе басқа рейтингтік</p>

	<p>агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы бар эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттар</p>
8.	<p>Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар</p>
9.	<p>Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасы</p>
10.	<p>Лондон қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) (Лондон биллион маркет асоциэйшн) қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында Лондондық сапалы жеткізілім (London good delivery) ("Лондон гуд деливери") стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар мен он екі айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі металл депозиттер</p>
11.	<p>Мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар:</p> <ul style="list-style-type: none"> Азия даму банкі; Африка даму банкі; Халықаралық есеп айырысу банкі; Еуразиялық даму банкі; Еуропа инвестициялық банкі; Еуропа Қайта құру және даму банкі; Ислам даму банкі; Америкааралық даму банкі; Халықаралық Қайта құру және даму банкі; Халықаралық қаржы корпорациясы
	<p>Шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:</p> <p>Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар және (немесе) Қазақстан Республикасының</p>

12.	<p>аумағында жұмыс істейтін қор биржасымен танылатын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар;</p> <p>Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған акциялар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасымен танылатын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар</p>
13.	<p>Қазақстан Республикасының резиденттері "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 22-1-бабының 3-тармағына сәйкес танитын шетел ұйымы шығарған, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасымен танылатын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар</p>
14.	<p>Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар ұйымдар шығарған Principal protected notes (Принципл протектед ноутс), ол мына талаптардың біріне сәйкес келеді:</p> <p>айналыс мерзімі бес жылдан аспайды;</p> <p>principal protected notes (принципл протектед ноутс) шығарылым талаптарымен қандай да бір мемлекеттің, эмитенттің өз міндеттемелері бойынша дефолт жағдайы көзделмеген</p>
15.	<p>Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар бейрезидент банктердегі салымдары</p>
	<p>Базалық активі ашық және аралық инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары, шетел валютасы, сондай-ақ мынадай есепті көрсеткіштер (индекстер) болып табылатын, хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары (фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар):</p> <p>AIX (Astana International Exchange) (Астана Интернейшнл Эксчейндж);</p> <p>SAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index) (Компани дэ Эжон дэ Шанж 40 Индекс);</p> <p>DAX (Deutscher Aktienindex) (Дойтче Акциениндекс)</p>

16.	<p>DJIA (Dow Jones Industrial Average) (Доу Джонс Индастриал Эвередж);</p> <p>EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index) (Юроп Эс Ти Оу Экс Экс 50 Прайс Индекс)</p> <p>FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index) (Файнэншл Таймс Сток Эксчейндж 100 Индекс);</p> <p>HSI (Hang Seng Index) (Ханг Сенг Индекс)</p> <p>KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index) (Қазақстан Сток Эксчейндж Индекс)</p> <p>MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Ворлд Индекс);</p> <p>MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index) (Москоу Эксчейндж Раша Индекс)</p> <p>NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index) (Никкэй-225 Сток Эвередж Индекс)</p> <p>RTSI (Russian Trade System Index) (Рашен Трейд Систем Индекс)</p> <p>S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index) (Стандард энд Пурс 500 Индекс)</p> <p>TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index) (Токио Сток Прайс 100 Индекс)</p> <p>NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index) (Насдак-100 Индекс)</p>
17.	Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысу үлесі
18.	Активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) пайлары немесе негізгі қор индекстеріне байланыстырылған пайлары бойынша баға құру

2. Басқарушы компания инвестициялайтын қаржы құралдарының тізбесі, жылжымайтын мүлік әрбір жеке қорының инвестициялық басқарудағы активтері және оларға қойылатын талаптар:

№	Қаржы құралының атауы
1.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар
2.	Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар
3.	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар
	Мына талаптардың біріне сәйкес келгенде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: Standard & Poor's (

4.	<p>Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі "B-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктер; банктер бейрезидент бас банкі Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі "A-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы бар бейрезидент еншілес банктер болып табылады</p>
5.	<p>Мәміле жасау күніне олардың Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде болған жағдайдағы акциялар</p>
6.	<p>Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шәкілі бойынша "kzA" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар</p>
7.	<p>Шетел ұйымдары шығарған Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар</p>
8.	<p>Шетел ұйымдары шығарған Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар акциялар</p>
	<p>Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар мынадай халықаралық қаржы ұйымдары: Азия даму банкі; Америкааралық даму банкі;</p>

9.	Африка даму банкі; Еуропа Даму банкі; Еуропа инвестициялық банкі; Еуропа Қайта құру және даму банкі; Ислам даму банкі; Халықаралық есеп айырысу банкі; Халықаралық Қайта құру және даму банкі; Халықаралық қаржы корпорациясы
10.	Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес тәуелсіз рейтинг немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар
11.	Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел валютасы
12.	Лондон қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) (Лондон биллион маркет асоциэйшн) қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында Лондондық сапалы жеткізілім (London good delivery) ("Лондон гуд деливери") стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар мен он екі айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі металл депозиттер
13.	Хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары осы Тізбеге сәйкес базалық активі жылжымайтын мүлік қоры активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары болып табылады
14.	Жылжымайтын мүлік қорына кіретін мүлікке қызмет көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғаға қатысу үлесі

3. Басқарушы компания инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке биржалық инвестициялық пай қорының (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) активтерін инвестициялайтын қаржы құралдарының тізбесі және оларға қойылатын талаптар:

№	Қаржы құралының атауы

1.	Индекс KASE (Kazakhstan Stock Exchange) (Қазақстан Сток Эксчейндж)
2.	Индекс KZGB (Kazakhstan Government Bonds) (Қазақстан Гавемент Бондс)
3.	Индекс KASE_BM (Kazakhstan Stock Exchange Bond Market) (Қазақстан Сток Эксчейндж Бонд Маркет)
4.	Индекс TONIA (Tenge OverNight Index Average) (Теңге ОверНайт Индекс Эвередж)
5.	<p>Халықаралық қор биржаларының индекстері: CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index) (Компани дэ Эжон дэ Шанж 40 Индексі); DAX (Deutscher Aktienindex) (Дойтче Акциениндекс); DJIA (Dow Jones Industrial Average) (Доу Джонс Индастриал Эвередж); EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index) (Юроп Эс Ти Оу Экс Экс 50 Прайс Индексі); FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index) (Файнэншл Таймс Сток Эксчейндж 100 Индексі); HSI (Hang Seng Index) (Ханг Сенг Индексі); MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Ворлд Индексі); MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index) (Москоу Эксчейндж Раша Индексі); NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index) (Никкэй-225 Сток Эвередж Индексі); RTSI (Russian Trade System Index) (Рашен Трейд Систем Индексі); S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index) (Стандард энд Пурс 500 Индексі); TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index) (Токио Сток Прайс 100 Индексі); NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index) (Насдак-100 Индексі)</p>

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне
2-қосымша
Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының

бір түрін осы акционерлік қоғам
акцияларының басқа түріне
айырбастау туралы есепті
бекіту, жарияланған акциялар
шығарылымының күшін жою
қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Жарияланған акциялар шығарылымының күшін жою туралы куәлік

20_ жылғы "___" _____ Алматы қаласы

Уәкілетті орган (уәкілетті органның толық атауы)

_____ тіркелген,

_____ (акционерлік қоғамның бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса))

_____ (акционерлік қоғамның толық атауы және орналасқан жері) жарияланған акциялар шығарылымының күшін жойды.

_____ Шығарылым акцияларына берілген халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды)

_____ Шығарылым _____

_____ (акциялар саны цифрмен және жазбаша, акциялар түрі)

_____ акцияларға бөлінген.

_____ Акциялар шығарылымының

_____ (күшін жоюдың себебі) байланысты күші жойылды.

_____ Уәкілетті адам _____

_____ (электрондық цифрлық қолтаңбасы) (тегі, инициалдары)

Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығы
мәселелері жөнінде өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
3-қосымша

Инвестициялық пай қоры
пайларының шығарылымын
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
3-қосымша

Инвестициялық пай қоры қағидаларының құрылымы

1. Инвестициялық пай қорының қағидалары:

- 1) инвестициялық пай қорының толық және қысқартылған атауын;
- 2) инвестициялық пай қоры басқарушы компаниясының толық атауын және орналасқан жерін;
- 3) инвестициялық пай қоры кастодианының толық атауын және орналасқан жерін, оның құқықтары мен міндеттерін;
- 4) инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясына және кастодианына аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдардың толық атауын;
- 5) инвестициялық декларацияны;
- 6) инвестициялық декларацияның талаптарына сәйкес инвестициялық пай қорының активтерін келтіру тәртібі мен мерзімдерін;
- 7) инвестициялық пай қоры жұмыс істейтін мерзімді, не оның мерзімсіз жұмыс істеуі туралы нұсқауды;
- 8) инвестициялық пай қорының активтерін сенімгерлік басқару шартын;
- 9) инвестициялық пай қорының пайларына инвестициялау кезінде инвесторлардың тәуекелдері сипатын;
- 10) инвестициялық пай қоры басқарушы компаниясының құқықтары мен міндеттерін;
- 11) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында немесе пайдың номиналды құны көрсетілетін өзге валютада көрсетілетін бастапқы орналастыру кезеңінде инвестициялық пай қоры пайының номиналды құнын;
- 12) инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуға өтінімдер беру және орындау талаптары мен тәртібін;
- 13) инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың құқықтары мен міндеттерін;
- 14) инвестициялық пай қоры активтерінің құнын және пайдың есептік құнын есепке алу және анықтау тәртібін;
- 15) пайларды орналастыру кезінде олардың есептік құнына үстемақыны қолдану талаптары және есептеу тәртібін;
- 16) басқарушы компанияның және инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, осы қордың активтері есебінен төлеуге жататын өзге де адамдардың шығыстары мен сыйақыларының түрлерін, оларды анықтау тәртібі мен ең жоғары мөлшерлерін;
- 17) басқарушы компания немесе кастодиан инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі одан әрі қызметін жүзеге асыра алмағанда немесе одан бас тартқан жағдайда, оларды ауыстыру талаптары мен тәртібін;

18) инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды тоқтата тұру талаптары мен тәртібін;

19) инвестициялық пай қоры жұмысының тоқтатылғаны туралы ақпарат жарияланатын баспа басылымының атауын көрсете отырып инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату, оның ішінде қор жұмысын тоқтату кезінде пайларды сатып алу талаптары мен тәртібін;

20) пай ұстаушылардың сұратулары бойынша есептерді ұсыну талаптары мен тәртібін;

21) пай ұстаушылардың алдында инвестициялық пай қоры, оның қағидалары мен ондағы өзгерістер, қордың таза активтері құнының және пайдың есептік құнының өзгергені, пайдың орналастырылғаны және сатып алынғаны туралы, сондай-ақ инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар, олардың қызметі туралы ақпаратты жария ету талаптары мен тәртібін;

22) инвестициялық пай қорының байланыс телефондарының нөмірлерін, орналасқан жерін көрсете отырып пайларын орналастыру және сатып алу бойынша басқарушы компания өкілдерінің тізбесін қамтиды.

2. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының қағидалары, Инвестициялық пай қорының Қағидалар құрылымының (бұдан әрі – Қағидалар құрылымы) 1-тармағында көзделген мәліметтерден басқа, мыналарды:

1) пайды сатып алуға өтінім беру және орындау талаптары мен тәртібін;

2) пайларды сатып алуды тоқтата тұру талаптары мен тәртібін;

3) басқарушы компания пайды сатып алу кезінде оның есептік құнымен жеңілдікті қолдану талаптары және есептесу тәртібін;

4) басқарушы компанияның инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларды енгізуі талаптары мен тәртібін;

5) пай ұстаушылардың тапсырысы бойынша пайларды басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруындағы ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларына алмастыру талаптары, басқарушы компанияның және қор кастодианының, сондай-ақ орталық депозитарийінің пай алмасу рәсімдерін жүргізуі талаптары мен тәртібін;

6) "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және инвестициялық пай қорының қағидаларында белгіленген тәртіппен инвестициялық пай қоры туралы ақпарат жарияланатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәліметтерді қамтиды.

3. Жабық инвестициялық пай қорларының қағидалары Қағидалар құрылымының 1-тармағында көзделген мәліметтерден басқа, мыналарды:

1) пайлар бойынша дивидендтер есептеу, төлеу талаптары мен тәртібін;

2) инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақырту және өткізу талаптарын, мерзімдерін және тәртібін, күн тәртібін, жалпы

жиналыстың кворумын, жалпы жиналыстағы өкілдікті айқындау тәртібін, дауыс беру, дауыстарды санау, жалпы жиналыс хаттамасын ресімдеу тәртібін қамтиды.

4. Биржалық инвестициялық пай қорының (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) қағидалары Қағидалар құрылымының 1-тармағында көзделген мәліметтерден басқа, мыналарды:

1) биржалық инвестициялық пай қоры (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) қор биржасының толық атауын және орналасқан жерін;

2) биржалық инвестициялық пай қоры (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) маркет-мейкерінің толық атауын және орналасқан жерін, оның құқықтары мен міндеттерін;

3) қор биржасының сауда жүйесінде биржалық инвестициялық пай қорының (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) пайларымен мәмілелер жасасу тәртібін;

4) қор биржасы өткізетін ұйымдастырылған сауда-саттықта биржалық инвестициялық пай қорының (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) маркет-мейкері жария түрде жариялайтын пайларды сатып алу (сату) бағасының бір пайдың есептік бағасынан ең жоғары ауытқу шамасын айқындау тәртібін қамтиды.

Қағидалар құрылымының 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген мәліметтер, сондай-ақ биржалық инвестициялық пай қорының (Exchange Traded Fund) (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) маркет-мейкері сауда-саттық күні ішінде жасайтын, оған қол жеткізінен кейін сол күні оның маркет-мейкер міндеті тоқтатылатын қор биржасының ұйымдасқан сауда-саттықта пайлармен өткізетін мәмілелердің көлемі туралы, сондай-ақ сауда-саттық күні ішінде маркет-мейкердің міндетін орындау кезеңі туралы ережелерді көздеуге тиіс.